## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында тақырыптың атауы – «Жасампаздық және жаңашылдық»**

**Дәйексөздер: «Жасампаздық – бәрімізге өнеге»**
**Мектепке дейінгі ұйымы:** «Балдаурен» жекеменшік бөбекжайы
**Топ:** «Қарлығаш»
**Балалардың жасы:** 4 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 03.02.-07.02.2025 жыл

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 03.02.2025** | **Сейсенбі 04.02.2025** | **Сәрсенбі 05.02.2025** | **Бейсенбі 06.02.2025** | **Жұма 07.02.2025** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **«Күй күмбірі»** Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу. Дидактикалық ойын:«Қысқы ойындармен танысу» Мақсаты:баланың ой өрісін зейінін есте сақтау қабілетін дамыту. (коммуникативтік , танымдық және зияткерлік, | **«Күй күмбірі»** Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу. Ойын: «Құстардың жемін тобуына көмектес» М:Түрлі сызықтарды жүргізе біліп,құстарды тану. (ойын, танымдық, коммуникативтік | **«Күй күмбірі»** Балаларды жақсы көңіл -күймен қарсы алу. Үстел үсті ойыны «Бөліктерін тап» Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. (шығармашылық , зерттеу, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту) | **«Күй күмбірі»** Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп беру. Дидактикалық ойын: «Құсқа ұя құрастыр» Мақсаты: Құыстарға әр түрлі пішінді ұя құрастыру. (ойын, танымдық, коммуникативтік қызмет) | **«Күй күмбірі»** Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу. «Қай аспап жоқ?» Мақсаты: Балалардың зейіннің дамыту. Есте сақтау қабілетін дамыту. (коммуникативтік , танымдық және зияткерлік, шығармашылық , зерттеу, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | шығармашылық , дағдыларын дамыту) | қызмет) | | | әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту) | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу. Ата – аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **Құру және жаңашылдық**  *Жасампаздық – бәрімізге өнеге* **Бір тұтас тәрбие** Саусақ ойыны: «Бармақтар жыры» Мақсаты: Саусақ жаттығуы арқылы есте сақтау қабілеттерін сөздік қорларын дамыту. (коммуникативтік , танымдық және зияткерлік, шығармашылық , зерттеу, | **Әлеуметтік дағдылар, экологиялық тәрбие** **Қысқы табиғатта экскурсиялар**: Қысқы табиғатқа шыққан кезде табиғаттың әсемдігін көрсету, мұз астындағы тіршілік, қыста өмір сүретін жануарлар жайлы мағлұмат беру. Дидактикалық ойын: «Аңдар жыры» Мақсаты. Рөлдер бойынша түсініктерін дұрыс қалыптастыру. (коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық , | **Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар Дидактикалық ойын: «Аңдардың даусын сал» Мақсаты: түрлі эмоцияларды танып көрсету қабілетін дамыту. (коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық , зерттеу, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту) | **Мақал – мәтелдер** Отансыз адам — ормансыз бұлбұл. Опасызда отан жоқ. Отан — отбасынан басталады. Жат жердің қаршығасынан, Өз еліңнің қарғасы артық. | **Дидактикалық ойын** Серуендеуге арналған аумақ, ондағы қауіпті және қауіпсіз орындар, рұқсат етілген шекаралар **қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі** Дидактикалық ойын: «Мен өскенде кім болам?» Мақсаты:Балалар мен мамандық иелері жайлы сұрақ жауап (коммуникативтік , танымдық және зияткерлік, шығармашылық , зерттеу, | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту) | зерттеу, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту) | | | әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту) | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **« Менің Қазақстаным»** Әнұран **№ 1 Таңғы жаттығу кешені** | **№ 1 Таңғы жаттығу кешені** | **Қара жорға** | **№ 1 Таңғы жаттығу кешені** | **№ 1 Таңғы жаттығу кешені** | |
| **Таңғы ас** | Астарың дәмді болсын! Балақайлар «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын» | «Ас адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап | Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. | Астарың дәмді болсын!Балақайлар | «Дұрыс тамақтануға баулу» әңгіме | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу. | Қажетті құрал-жабдықтарды үстел үстіне даярлап қою. | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетіне даярлау. | Балаларды өз орындарына отырғызып ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындау. | Ұйымдастырылған іс-әрекетіне қажетті заттарды даярлау. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру.<br>Қимылды ойын: «Кім аққалаға бұрын жетеді»<br>Мақсаты: Арқан астынан еңбектеп өту.<br>**(Физикалық қасиеттерін дамыту)** | **Қазақ тілі**<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда жәнесахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу.<br>«Суретті жұмбақтар»<br>Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін, сөдік қорын дамыту.<br>**(Коммуникативтік дағдыларын дамыту)**<br><br>**Музыка**<br>**Музыка тыңдау:**<br>Музыканың | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу.Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. Қатарынан 4-5 рет жартылайотыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру.<br>**Қимылды ойын:** «Бәйге».<br>Мақсаты: жүкіру жылдамдығын,ептілігін, қызығушылығын дамыту.<br>**(Физикалық қасиеттерін дамыту)** | **Музыка**<br>**Музыка тыңдау:**<br>Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам)<br>Дид/ойын:<br>«Қуыршақтар ұйықтайды және билейді»<br>Мақсаты:қуыршақты шығарады, қуыршақ балалармен би билейді, егерде қуыршақ ұйықтап қалса балалар | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. Қатарынан 4-5 рет жартылайотыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру.<br>Қимылды ойын: «Асық жинау»<br>Мақсаты:Шеңбер ішіне аяқ саусағымен қыстырып жинау<br>**(Физикалық қасиеттерін дамыту)** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам) Дид/ ойын: «Кім қалай жүреді?» Мақсаты:балаларға әр- түрлі жануарлар болмысына сай, әуенді ойнайды балалар әуенді тындап, әуенге сай қимыл-қозғалысты орындаулары керек. | | қуыршақпен бірге ұйықтап қалады. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. | |
| **Серуен** | **1.Бақылау:** Терезеге салған аяз өрнегін бақылау.<br>**2.Еңбек:** Топта табиғат бұрышында | **1.Желді бақылау**<br>**Мақсаты:** желдің бағытын қапалық арқылы анықтау.<br>**Сұрақтар:**<br>1. Желдің бағытын, күшін | **1.Аула сыпырушы еңбегімен танысу**<br>**Мақсаты:** аула сыпырушының қыс кезіндегі еңбегі, оның жұмысы туралы балалардыңтүсінігін толықтыру. | **1.Бақылау:** Терезеден адамдардың қысқы қалың киімдерін бақылау. Оларды атау. | **1.Бақылау:** Айнала қысқы еңбек жайында әңгімелеу, адамдар еңбегіне бақылау жасау.<br>**2.Еңбек:** құстардың | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | балықтарды жемдеу.<br>**3.Жеке жұмыс:** Қыс айларын жаттату (желтоқсан, қаңтар, ақпан)<br>**4.Қимылды ойын:** «Ұшты – ұшты»<br>**5.Еркін ойын** | қалай біліп, анықтауға болады?<br>- үй мұржаларынан шыққан түтіннен<br>- қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен т.б. жорамалдарынан анықтап білуге болады.<br>2. Қыста жел қандай болады?<br>**2.Жеке жұмыс** Көркем сөз Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр.<br>**3.Қимылды ойын:** «Әткеншек»<br>**4.Еңбек:** алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті мұз | Балғындардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Тапсырма «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңлдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру.<br>2.**Еңбек:** аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпруға көмектесу.<br>**3.Қимылды ойын:** «Сауыққойлар» (қысқы спорт ойындары.)<br>**4Жеке жұмыс:** «Кім алысқа секіреді?» Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру.<br>**5.Еркін ойын** | **2.Еңбек:** Топтағы гүлдерді қопсытып, су құю.<br>**3.Жеке жұмыс:** еңбек түрлерін айтқызу (қар күреу, жем шашу, суару)<br>**4.Қимылды ойын:** «Доп лақтыру»<br>**5.Еркін ойын** | тіршілігін бақылау, оларға жем шашу.<br>**3.Жеке жұмыс:** 1 – 2 құстың үлкендігін салыстырып, түрі, түсі немен қоректенетінін 5 – 6 баладан шеңбер жасап айтып әңгімелеу.<br>**4.Қимылды ойын:** Шанамен жарыстырып ойындар ұйымдастыру.<br>**5.Еркін ойын** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | кесінділерін дайындап қою.<br>**5.Еркін ойын** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. «Ұқыпты бала» әңгімесі | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. | Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Қолдарын жууға үйрету. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. | |
| **Түскі ас** | Астарың дәмді болсын!<br>Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. | Ойын- жаттығу:<br>Астың алды үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз. | Астарың дәмді болсын!<br>Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. | Ойын- жаттығу:<br>Астың алды үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз. | Астарың дәмді болсын!<br>Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. | |
| **Күндізгі ұйқы** | « **К ү й**<br>«Ана мен бала» **к**музыкасын **ү**тыңдату | « **К ү й**<br>«Үйшік» ертегі<br>**к ү** | « **К ү й**«Балапан» музыка<br>**к ү** | « **К ү й**«Түлкі мен тырна» ертегі<br>**к ү** | « **К**Аудио ертегі **ү**тыңдау **й**<br>**к ү** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Төсек үстінен тұрмай жаттығуларды орындау | Тыныс алу жаттығулары | Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау | Түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру | Тыныс алу жаттығуы: Шар үрлеу | |
| **Бесін ас** | Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. | Балалардың назарын тағамға аудару. | Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. | Балалардың назарын тағамға аудару. | Балалардың назарын тағамға аудару. | |
| **Балалардың дербес әрекеті (қимылдық ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және** | Сюжеттік рөлдік ойын:«Аспазшы» Мақсаты: Балаларға ас пісіру жолдарын, сақтық шараларын түсіндіру **(физикалық, коммуникативтік, зерттеу, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту)** | Сюжеттік рөлдік ойын:«Шаштараз» Мақсаты:Әсемдікке сәнді болуға өзін – өзі күтім жасауға та-залықты сақтауға баулу **(танымдық және зияткерлік, шығармашылық , зерттеу, әлеуметтік-эмоционалды** | Сюжеттік рөлдік ойын: «Жабайы жануарлар» Мақсаты: жабайы жануарларды таныстыруды жалғастыру **(шығармашылық , зерттеу, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту)** | Кітаппен жұмыс Қасқыр мен жеті лақ.Мақсаты:Балалардың тіл байлығын дамыту. **(шығармашылық , зерттеу, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту)** | Сюжеттік рөлдік ойын: «Дүкенші» Мақсаты: Балаларға дүкен,дүкенші,тұтынушы туралы түсінік беру **(физикалық, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық , зерттеу, әлеуметтік-** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **тағы басқалары)** | | **дағдыларын дамыту)** | | | **эмоционалды дағдыларын дамыту)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Коммуникативтік дағдылары «Жақсы-жаман» | Танымдық және зияткерлік дағдылары «Қандай пішін жетіспейді?» | Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы«Қай аспап жоқ?» | Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру «Кімге не керек?» | Физикалық қасиеттері «Ұстап ал» | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. | Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. | Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою. | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. | Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою. | |

| Серуен | №1 | №2 | №3 | №4 | №5 | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. «Ұқыпты бала» әңгімесі | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. | Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Қолдарын жууға үйрету. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. | |
| **Балалардың дербес әрекеті (қимылдық ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және тағы басқалары)** | **Д/ ойын:** «Бет орамалға лайық жамауларды табу» **Мақсаты**: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. **(коммуникативтік танымдық қызмет)** | **Қимылды ойын:** «Қай қолымда көп» **Мақсаты:** аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. **(коммуникативтік танымдық қызмет)** | **Мақал – мәтелдер** Отан оттан да ыстық, жалыны бар шоқтан да ыстық. **(Коммуникативтік дағдыларын дамыту)** | **Ұлттық ойын:** «Түйілген орамал» Міндеті: Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру **(Физикалық қасиеттерін дамыту)** | **Тыйым сөздер** Үй айнала жүгірме. Босағаны керме, құшақтама. Табалдырықты баспа, отырма. **(Коммуникативтік дағдыларын дамыту)** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | Күн тәртібін сақтау.<br>Ата-аналарға табыстау | Өлең жаттау<br>Балаларды ата-анаға табыстау | Балалардың төлем ақысын уақытылы төлеу керектігін ескерту. | Тәртіп жайлы әңгіме жүргізу. | Бос уақытында балаңызға ертегі оқып беру. | |

**Тексерілген күні:** «    »              2025ж

**Әдіскер:** ______________________ Хуат. С

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Дәйексөздер: «Шығармашыл бала – ойлы бала»**
**Мектепке дейінгі ұйымы:** «Балдаурен» жекеменшік бөбекжайы
**Топ:** «Қарлығаш»
**Балалардың жасы:** 4 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 10.02.-14.02.2025 жыл

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 10.02.2025 | Сейсенбі 11.02.2025 | Сәрсенбі 12.02.2025 | Бейсенбі 13.02.2025 | Жұма 14.02.2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **«Күй күмбірі»** Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу. Дидактикалық ойын: «Көңілді таяқшалар» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамыту. | **«Күй күмбірі»** Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу. Танымдық ойын: «Мынау қай пішін?» Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. (коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық , | **«Күй күмбірі»** Балаларды жақсы көңіл -күймен қарсы алу. Үстел үсті ойыны «Бөліктерін тап» Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. (танымдық және зияткерлік, шығармашылық , зерттеу, әлеуметтік- | **«Күй күмбірі»** Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп беру. Дидактикалық ойын «Суретті толықтыр» Мақсаты: Балаларға берілген суреттерді толықтырып орналастыра білуге үйрету. (шығармашылық , зерттеу, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту) | **«Күй күмбірі»** Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу. Ойын: «Мозайка» Мақсаты:Балалардың ой қиялын дамыту. (шығармашылық , зерттеу, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (коммуникативтік, танымдық дағдыларын дамыту) | дағдыларын дамыту) | эмоционалды дағдыларын дамыту) | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту. | Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық коммуникативтік, шығармашылық, экспериментальдық, еңбек, қимыл, бейенлеу, дербес және басқалары)** | **Құру және жаңашылдық**<br><br>*Шығармашыл бала – ойлы бала*<br>**Бір тұтас тәрбие** | **Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар<br>**Саусақ ойыны:** «Салат»<br>**Мақсаты:** Ұсақ моториканы және | **Әлеуметтік дағдылар,экологиялық тәрбие**<br>Қысқы кезеңдегі тірі ағзалардың бейімделуі<br>Қыста табиғаттағы тірі ағзалар ерекше жағдайларға бейімделеді. Бұл уақыт өте суық және қысқа күндермен сипатталады. Өсімдіктер мен жануарлар осы | **Дидактикалық ойын**<br>Көмекші- ескерту: іздеу немесе тұру керек пе?<br>**қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі**<br>**Тіл ұстарту жаттығулары**<br>ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ ТУРАЛЫ<br>Ие – ие – ие, Маң – | **Мақал – мәтелдер**<br>Ерлік - елдің сыны.<br>***<br>Ерлік білектен емес, жүректен.<br>Елін сүйген ер болар.<br>***<br>Батыр туса ел ырысы,<br>Жаңбыр жауса жер ырысы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сөйлеу ырғағын дамыту. (коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық , зерттеу, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту) | жағдайларға қалай бейімделетінін қарастыру керек: **Өсімдіктер** қыста өсудің тоқтауына, кейбір түрлерінің ұйқыға кетуіне немесе ерекше қорғаныш механизмдерін қолдануына байланысты бейімделеді. Мысалы, қар астында көктемге дейін сақталатын тұқымдар мен өсімдіктер болуы мүмкін. **Жануарлар** қыста азық табудың қиындауынан, суықтан қорғанудың түрлі тәсілдеріне ие. Кейбір жануарлар қысқа дайындалып, қалың жүн өсірсе, басқалары қысқы | маң басқан түйе.<br>Та- та – та, Жібек жүнді бота.<br>Зы – зы – зы,<br>Моп – момақан қозы. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ұйқыға кетеді немесе қыста өздерінің қоректену әдістерін өзгертеді. | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **« Менің Қазақстаным»**<br>Әнұран<br>**№ 1 Таңғы жаттығу кешені** | **№ 1 Таңғы жаттығу кешені** | **Қара жорға** | **№ 1 Таңғы жаттығу кешені** | **№ 1 Таңғы жаттығу кешені** |
| **Таңғы ас** | Астарың дәмді болсын!<br>Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. | Ойын- жаттығу:<br>Астың алды үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз. | Астарың дәмді болсын!<br>Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. | «Ас – адамның арқауы»<br>Мақсаты: Балаларға тамақтану әдебі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. | Астарың дәмді болсын!<br>Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу. | Қажетті құрал-жабдықтарды үстел үстіне даярлап қою. | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетіне даярлау. | Балаларды өз орындарына отырғызып ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындау. | Ұйымдастырылған іс-әрекетіне қажетті заттарды даярлау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене тәрбиесі**<br>**Негізгі қимылдар:**<br>**Жүгіру:** жүруді жүгірумен алмастырып жүру түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынменжүргіру құрсаудан еңбектеп өту.<br>**Қимылды ойын «Тышқан мен мысық»**<br>**Мақсаты:**<br>Табан мен алақанға сүйеніп еңбектеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**(Физикалық қасиеттерін дамыту)** | **Қазақ тілі**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Дид/ойын: «Жалпы атауын ата»<br>Мақсаты: Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ен соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде | **Дене тәрбиесі**<br>**Негізгі қимылдар:**<br>**Жүгіру:**<br>4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу;<br>қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; оңға, солға бұрылу<br>«Көңілсіз аю»<br>Мақсаты:жануарлардың қимыл қозғалысын ажырату.<br>**(Физикалық қасиеттерін дамыту)** | **Музыка**<br>**Ән айту:**<br>Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуғабаулу (тәрбиешінің көмегімен).<br>**Дид\ойын: «Түлкі мен қаздар»**<br>Мақсаты: Кейіпкер роліне еніп,музыкалық дыбыстарды мәнерлеу құралдарын жетілдіру<br>**(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | **Дене тәрбиесі**<br>**Негізгі қимылдар:**<br>**Жүгіру:** жүруді жүгірумен алмастырып жүру түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен жүргіру құрсаудан еңбектеп өту.<br>4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу;<br>қолды екі жаққа созып, басқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тапқырлыққа, шапшандыққа баулу. **(Коммуникативтік дағдыларын дамыту)**<br><br>**Музыка**<br>**Ән айту:**<br>Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен). Дидактикалық ойын: **«Музыкалық үй»** | | | қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; оңға, солға бұрылу<br>Қимылды ойын: «Кім жылдам?»<br>Мақсаты: әртүрлі бағыттығы нүктелерді, тамшы тәрізді бейнелерді өз бетімен бейнелеуге тәрбиелеу. **(Физикалық қасиеттерін дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсаты: Музыканың түрлерін ажырату қабілетін арттыру. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. |
| **Серуен** | **1.Қарғаларды бақылау**<br>**Мақсаты:** қыстап қалатын құстар өмірімен танысуды жалғастыру, қарғалардың тіршілігін бақылау, құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу<br>Қарға, қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар. | **1.Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балаларға ауа райының жағдайын байқап, белгілеуді ұсыну. Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жиі болады, | **1.Бақылау:** Жауған қарды алақандарына салып бақылау (түсі, пішіні, қатты, жұмсақ)<br>**2.Еңбек:** Ауласыпырушының еңбегіне араласу, сыпыруға көмектесу.<br>**3.Жеке жұмыс:** Санамақтар айту. Жаттау жаттату: Аппақ көше, бар дала | **1.Бақылау:** Ауа райына бақылау жасау. Күн суық, аяз.<br>**2.Еңбек:** Күтуші апайға ыдыстарды қоюға көмектесу.<br>**3.Жеке жұмыс:** Ертегі айтқызу. «Жеті лақ» ертегісі Мақсаты: Тілдік қорларын байыту.<br>**4.Қимылды ойын:** «Арқан тарту» | **1.Бақылау:** Ауа райын бақылау (өзгешеліктерін айту)<br>**2.Еңбек:** Көрші топтың балаларының еңбегін қарау.<br>**3.Жеке жұмыс:** Торғай, торғай тоқылдақ Жерден тары шоқып – ақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Боран соқса қор болар, Бұтаға келіп қорғалар.<br>**2.Жеке жұмыс** Балабақша ауласынан құстар ізін іздеу, салыстыру<br>**3.Еңбек:** Ауладан құстар үшін алаң аршып, оған дән себу.<br>**4.Кимылды ойын:** «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны.<br>**5.Еркін ойын** | ұйтқыған боран мен бұрқасын борандарда қар бір жерден бір жерге жөңікіліп жүреді.<br>**2.Жеке жұмыс** Көркем сөз: Қыстсың кенже баласы ақпанбысың, Аспан астың ораған ақ қармысың. Алай-түлей бораның, язында, Әппағым-ау аз – аздан шатармысың?!<br>**3.Қимылды ойын:** «Үшінші артық»<br>**4.Еңбек:**Ауланы қардан тазалау.<br>**5.Еркін ойын** | Аппақ ой мен қыраттар<br>Ақ шатырлы қар қала<br>Ақ жамылып тұр бақтар<br>**4.Қимылды ойын:** «Күн мен түн», шана тебу<br>**5.Еркін ойын** | Мақсаты: Ұйымшылдыққа, батылдыққа тәрбиелеу.<br>**5.Еркін ойын** | Бөтекесі бұлшиып,<br>Шиқ – шиқ етіп отырмақ.<br>**4.Қимылды ойын:** «Қуыспақ», «Өз орныңды тап»<br>**5.Еркін ойын** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. | Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Қолдарын жууға үйрету. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | Астарың дәмді болсын!<br>Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. | Ойын- жаттығу:<br>Астың алды үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз. | Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. | Ойын- жаттығу:<br>Астың алды үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз. | Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. |
| **Күндізгі ұйқы** | **«Күй күмбірі»**<br>«Алдар көсе» хикаясынан үзінділер | **«Күй күмбірі»**<br>«Бесік жыры» | **«Күй күмбірі»**<br>«Қызыл телпек» ертегісін оқып беру | **«Күй күмбірі»**<br>Аудио ертегі тыңдау | **«Күй күмбірі»**<br>Балалардың қалауымен ертегі айтып беру |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Тыныс алу жаттығулары<br>Шарларды мен сүйемін<br>Ойнап ылғи жүремін<br>Қызыл, жасыл, шарларды<br>Үрлеуді де мен білемін.<br>«Шар үрлеу»<br>Жуыну жолдары<br>Су – табиғат байлығы<br>Өзен – көлден | Тыныс алу жаттығулары<br>Бақаны көрдім деп<br>Достарым шақырды<br>Ашуланып бақа<br>Бақ-бақ етіп бақырды<br>«Дем жұтып шығару»<br>Жуыну жолдары<br>Таза суды сүйемін<br>Тап-таза болып жүремін<br>Мұрын, ауыз қолымды | Тыныс алу жаттығулары<br>Араға ұқсап ызылдап,<br>Гүлдерге біз қонамыз.<br>Гүлдің иісін аламыз,<br>Таза ауаны жұтамыз.<br>Жуыну жолдары<br>Салқын суды суйеміз<br>Тазарады бетіміз<br>Жуынамыз кунде біз<br>Әп-әдемі боламыз. | Тыныс алу жаттығулары<br>Көбелекті көрдім мен<br>Қызықтап жүрдім мен<br>Көбелек ұшып барады<br>Балдар оған қарады<br>«Көбелекті ұшырамыз»<br>Жуыну жолдары<br>Таза суды сүйемін<br>Тап-таза болып жүремін | Тыныс алу жаттығулары<br>Шарларды мен сүйемін<br>Онымен ойнап жүремін<br>Қызыл, жасыл шарларды<br>Үрлеуді мен білемін. «Шар үрлеу»<br>Жуыну жолдары<br>Су – тіршілік негізі<br>Онсыз өмір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көресің<br>Тазаланып күнде | Күнде жуып<br>жүремін. | | Мұрын, ауыз<br>қолымды<br>Күнде жуып<br>жүремін. | сүрмейсің<br>Гигиена егізі<br>Су деп және<br>білгейсің<br>сен<br>Суға түсіп<br>жүресің |
| **Бесін ас** | Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. | Балалардың назарын тағамға аудару. | Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. | Балалардың назарын тағамға аудару. | Балалардың назарын тағамға аудару. |
| **Балалардың дербес әрекеті (қимылдық ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және** | Фотосуреттер карастыру<br>«Менің отаным - Қазақстан »<br>Мақсаты:<br>Балалар фотосуреттерге қарап отырып, өз ойларын жеткізе алады<br>(ойын, танымдық, коммуникативтік іс-әрекеті). | Ғажайып кітаптар әлемі саяхат<br>“Қысқы табиғат ” тақырыбында көрсету.<br>Мақсаты:<br>Өз ойымен бөлісуге үйрету<br>(танымдық және коммуникативтік іс-әрекет) | Үстел-үстіойындары «Домино».<br>Мақсаты:<br>Логикалық ойлау қабілетін дамыта білу (ойын іс-әрекет). | Кітаптар қарастыру «Қазақстан -Байтақ ел »<br>Мақсаты:<br>Кітаптарға қарап отырып, өз ойларын жеткізе алу (танымдық, ойын, қарым-қатынас). | Үстел үсті ойыны «Түрлі-түсті санамақтар».<br>Мақсаты:<br>ұсақ қол маторикасын дамыта алады (ойын іс-әрекеті) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **тағы басқалары)** | | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы «Әжемнің оюы» | Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру «Үй жануарлары және олардың төлдері» | Коммуникативтік дағдылары «Ауызша сөз жұмбақ» | Танымдық және зияткерлік дағдылары «Ненің жұбы болады» | Танымдық және зияткерлік дағдылары «Кім немен қоректенеді» |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. | Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. | Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою. | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. | Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою. |
| **Серуен** | **№1** | **№2** | **№3** | **№4** | **№5** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. | Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау.<br>Қолдарын жууға үйрету. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. |
| **Балалардың дербес әрекеті (қимылдық ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және тағы басқалары)** | **Артикуляциялық жаттығулар «Күрекше»**<br>Күрекше сатып алдым кеше,<br>Әкелдім мен бөпеме,<br>Қуанып қалды өзгеше<br>Ойнаймын деп көшеде .<br>Сипаттама: жалпақ тілді ауыз қуысынан шығарып, төменгі ерінге салып 10-15секунд ұстап тұру керек. Тілді қимылдатпай ұстап тұруын қадағалау керек<br>**(танымдық, ойын** | **Мақал – мәтелдер**<br>Отансыз адам — ормансыз бұлбұл.<br>Опасызда отан жоқ.<br>Отан — отбасынан басталады.<br>Жат жердің қаршығасынан, Өз елінің қарғасы артық.<br>**“Кім көп біледі? "**<br>**дидактикалық ойыны**<br>Мақсаты: Сұраққа нақты жауап беруге үйрету, ойынға деген қызығушылығын арттыру<br>**(ойын, танымдық** | **Артикуляциялық жаттығулар**<br>«Кесе»<br>Кесе әдемі қандай,<br>Шәйі тәтті балдай,<br>Балдан да тәтті шәй қандай<br>Ішемін мен шөлге қанбай!<br>Сипаттама: ауыз кең ашық, жалпақ тілді жоғары тіске қарай көтеріп 10-15секунд ұстап тұру керек.<br>Бірақтілтіскетимеуіке рек.<br>**(танымдық ойын іс-әрекет )** | **“Мені қоршаған орта” тақырыбында әңгімелесу.**<br>**Мақсаты:**<br>Өз ойымен бөлісіп, әңгіме құрастыруға үйрету<br>**(танымдық, ойын, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Тыйым сөздер**<br>Тіліңді шайнама, тіліңді тістеме, шығарма.<br>Саусағыңды аузыңа салма.<br>**“Кім көп біледі? "**<br>**дидактикалық ойыны**<br>Мақсаты: Сұраққа нақты жауап беруге үйрету, ойынға деген қызығушылығын арттыру<br>**(ойын, танымдық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **іс-әрекеті)** | **іс-әрекет*)*** | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаңызға ертегі оқып беруді ұсыну. | Еркін ойнау<br>Ата-анаға табыстау | Балалардың төлем ақысын уақытылы төлеу керектігін ескерту. | Таңертен кешікпей келулерін ескерту. | Балаңызға өз бетінше сурет салуды ескертіп айту. |

**Тексерілген күні:** «     »              2025ж

**Әдіскер:** ____________________ Хуат. С

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Дәйексөздер: «Өнерлі бала өрге жүзер»**

**Мектепке дейінгі ұйымы:** «Балдаурен» жекеменшік бөбекжайы
**Топ:** «Қарлығаш»
**Балалардың жасы:** 4 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 17.02.-21.02.2025 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 17.02.2025** | **Сейсенбі 18.02.2025** | **Сәрсенбі 19.02.2025** | **Бейсенбі 20.02.2025** | **Жұма 21.02.2025** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сәлемдесу<br>Достарымның барлығын,<br>Сыйлап, жақсы көремін.<br>Алақаным арқылы<br>Жылуымды беремін.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br><br>Сәлемдесу<br>Қайырлы таң, ашық аспан!<br>Қайырлы таң, кең далам!<br>Қайырлы таң, күннің нұры!<br>Қайырлы таң, балабақшам!<br>Бәрі бірге айтады.<br>(сөйлеуді дамыту) | қызығушылығын анықтау. | Сәлемдесу<br>Қуанамын мен де<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым!<br>Арайлап атқан күнге!<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | қызығушылығын анықтау.<br><br>«Күй күмбірі»<br>Күйді қосып, балаларды қарсы алу.<br>(музыка) |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | «Бала мінезін тәрбиелеу мәселелері» ата-аналарға кеңес. | «Отбасылық үлгі өнеге» ата-аналармен әңгімелесу. | «Бала құқығын қорғау парызымыз» ата-аналарға кеңес. | «Баланы ойлауға қалай үйретуге болады?» ата-анларға кеңес. | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік,** | **«Өнегелі тәрбие»**<br>**Еңбек:** "Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: "Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп».<br>(тәрбиешінің | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: "Ойыншықтардағы тәртіп".<br>Мақсат- | **«Өнегелі тәрбие»**<br>**Еңбек:** "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".<br>Мақсат- | Ұлттық сезім күні<br><br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: "Бөлме |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | сумен бүрку". Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. | көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуді үйрету. (еңбек дағдылары)<br><br>«Адалдық шеңбері» Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды | міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) | міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбек дағдылары)**<br><br>**Дидактикалық ойын. «Не артық?», «Спорт».** | өсімдіктерінің топырағын қопсыту". Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(еңбек дағдылары)**<br><br>**«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. **(музыка)**<br><br>**«Спорт-лото».** Мақсат-міндеттер: балаларға спорт түрлерін үйрету, олардың бір-бірінен айырмашылығын танып білу; спортқа деген | адалдыққа тәрбиелеу, зейінді дамыту. Педагог балаларды екі командаға бөледі. Бір команданың қатысушылары қолдарынан ұстап, «адалдық шеңберін» құра отырып, қолдарын жоғары көтереді. Екінші команданың мүшелері бірінің артынан бірі сапқа тұрып, көңілді музыкамен «адалдық шеңберінің» ішіне кіріп, шығады. Музыка тоқтағанда «адалдық шеңберін» құрып тұрған балалар қолдарын төмен | Тақпақ жаттау "Тазалықтың досы"<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолың жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің, маңдайың.<br>Тазалықтың досы -<br>Су дегенің осы.<br>Бай! Бай!<br>-Бұл бала<br>Қай бала?<br>Қарашы Үстіне, Өзіне<br>- Не түсті<br>Көзіңе? Бет-ауыз<br>Кір айғыз.<br>А.Меңжанова (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ | Мақсат-міндеттер: есте сақтау қабілеттерін дамыту, қызықтыру. Спорт атауларын бекіту. **(сөйлеуді дамыту)** | қоршаған табиғатқа ұқыпты карауды тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)<br><br>«Тек жақсы қасиеттерді ата» Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызығушылығын арттыру.<br>Ойын атрибуттары: спорт түрлеріне байланысты суреттер.<br>Ойынның барысы: балаларға спорт түрлері салынған сурет карточкасы үлестіріліп беріледі. Оны балалар тиісті суреттермен жабады. Карточканы кім бұрын жауып таса, сол жеңіске жетеді.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | түсіреді. Шеңбердің ішінде қалып қойған қатысушылар өздерінің адал әрекеттері туралы кезекпен айтып береді. Содан кейін командалар орындарымен алмасады, ойын қайта басталады.<br>(сөйлеуді дамыту) | тілі) | | педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сараңдық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады.<br>(сөйлеуді дамыту) |
| **Ертеңгілік жаттығу** | "Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)<br>Педагог: | | | | |

| | |
|---|---|
| | - Балалар, қатарда түзу тұрамыз. Енді менімен бірге жаттығуларды орындаймыз. Қолдарыңдағы доптарыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші! Енді осы доптармен жаттығулар жасаймыз!<br>Аудиозапись ритмичной мелодии для общеразвивающих упражнений. №11<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау.<br>3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау.<br>1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу.<br>1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою.<br>1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау."<br>(дене тәрбиесі) |

<table>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Бата беру<br>Рахмет дәміңе,<br>Ризалық берсін бәріңе.<br>Аман болсын басыңыз,<br>Жүзге жетсін жасыңыз.<br>Салт-дәстүр. Қонақасы<br>Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық</td><td>"Дені саудың - жаны сау" тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)</td><td>"Спорт" түрлері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)</td><td>Жеке бастың гигиенасы туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)</td><td>Денсаулық туралы мақал-мәтелдер жаттау. (көркем әдебиет)</td><td>Дәрумендер жайлы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)</td></tr>
<tr><td>Кестеге сәйкес ҰІӘ</td><td>Дене тәрбиесі<br>"Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу".</td><td>Қазақ тілі<br>"Кел, жаттығайық! Адамның дене</td><td>Дене тәрбиесі<br>"Қол мен аяқтарымыз шымыр".</td><td>Музыка<br>"Зырлайды шанамыз".<br>(қайталау)</td><td>Дене тәрбиесі<br>"Қанатпен тарту ойыны".<br>Мақсат-</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: гимнастикалық қабырғамен әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып, қолдарын жіңішке тақтайшалардан ажыратпай, төртінші жіңішке тақтайшаға дейін өрмелеп, қайта түсу (2 рет өрмелеу); гимнастикалық орындықтың үстімен қолды белге қойып, бір аяқтың өкшесін екінші аяқтың ұшына қойып, жүру (2-3 рет) және 6 м қашықтыққа дейін алға | **мүшелері. Оң - сол."** Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы адамның дене мүшелері туралы түсініктерін дамыту; саламатты өмір салты, жаттығудың маңызы жайлы түсініктерін қалыптастыру; дәрумендердің пайдасы, «сол», «оң» жақ туралы түсініктерін бекіту. Балаларды сызбадағы дене мүшелерінің бейнеленуін өз денесімен сәйкестендіре | Мақсат-міндеттер: балаларды қозғалыс бағытын өзгертіп жүру; таяқтың астынан сол бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету.<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Аурудан аяған күштірек".** Мақсат-міндеттер: балаларды "Аурудан аяған күштірек"әңгімесімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша мәтіндегі жолдарды мәнерлеп оқу; | Мақсат-міндеттер: балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айрықша мән беруге үйрету; топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білуге жаттықтыру.<br><br>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жалбыз өсімдігі". Мақсат-міндеттер: балаларды | міндеттер: балаларды қатарға бір-бірден сапқа тұру; сапта бір-бірден түрлі бағытта жүгіру; таяқтың астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу "Қанекей, сапқа тұр!"** Мақсат-міндеттер: балалардың топтас достармен бірігіп таңертеңгі жаттығуды жасап жатқан балалар бейнесін салуға бейімдеу; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жылжи отырып, аяқтан аяққа секіру (2-3 рет), 8 м қашықтықта жүріп келе жатып, допты (баскетбол вариантындағы үлкен диаметрдегі доп) соғуға жаттықтыру.<br><br>**Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Қатарға тұрайық, спортшылар". Мақсат-міндеттер: балалардың бірден беске дейінгі реттік сандар, тура және кері санау жөніндегі | білуге үйрету; дене мүшелерін атауды үйрету; артикуляциялық аппараттарын, оң және сол қолдарын ажырату біліктіліктерін, ойлау, еске сақтау қабілеттерін, жағымды эмоция білдіре білуді дамыту. Ұйымшылдыққа, әдептілікке, саламатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.<br><br>Музыка "Зырлайды шанамыз". Мақсат-міндеттер: балаларды ән | әңгіме мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету. | жалбыз емдік өсімдігімен таныстыру; жалбыздың шипалы қасиеттері жайлы түсініктерін нығайту. | адамның денесін салуда пропорцияларды ұстану техникасына үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білімдерін нығайту. | тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айрықша мән беруге үйрету; топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білуге жаттықтыру. | | | |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Серуен** | Картотека № | Картотека № | Картотека № | Картотека № | Картотека № |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (өзін-өзі басқару дағдылары) | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Бата беру<br>Рахмет дәміңе,<br>Ризалық берсін бәріңе.<br>Аман болсын басыңыз,<br>Жүзге жетсін жасыңыз.<br>Салт-дәстүр. Қонақасы<br>Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз) | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Тазша бала» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату.<br>(көркем әдебиет) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Әне міне дегенше дайын болады» ертегісін тыңдату.<br>(көркем әдебиет) | Ертегінің желісіне қызығушылық танытады.<br>"Күн астындағы Күнекей қыз" ертегісін оқып беру.<br>(көркем әдебиет) | Ертегінің желісіне қызығушылық танытады.<br>"Оқтауы бар түлкі" ертегісін оқып беру.<br>(көркем әдебиет) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Бай керуен» ертегісін тыңдату. (көркем әдебиет) |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту,** | Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім"<br>Мақсат-міндеттер: тыныш ұйқыға қолайлы жағдай ояту.<br>(дене тәрбиесі) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сауықтыру шаралары** | | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Жеті ағайын тақпағын мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттер: балаларды "Жеті ағайын" тақпағымен таныстыру; денсаулыққа байланысты "жеті ағайын" сөз тіркесінің ауыспалы мағынасын түсіндіру. | Театрды сахналау. "Қаңбақ шал" ертегісін сахналау. (көркем әдебиет) | **Жапсырудан ойын-жаттығу "Дәрумендер".** Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі-түсті майлықтарды жырту, умаждау әдісі арқылы өздері таңдап алған жеміс қимаүлгісінің үстіне желімнің көмегімен жапсыруға, дайын жемістерді қағаздан жасалған себеттің үстіне жапсыруға үйрету. | **Сюжетті-рөлдік ойын "Аурухана"** Мақсат-міндеттер: дәрігер, медбике мамандығына қызығушылықтарын ояту; балалардың медицина қызметкерлерінің міндеттері жайлы білімдерін кеңейту; сауалнама жүргізу біліктіліктерін дамыту; жанашырлыққа, басқаларға қамқорлық танытуға, көмек | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Денсаулығым - байлығым".** Мақсат-міндеттер: балалардың денсаулық туралы білімдерін кеңейту; денсаулықты сақтау үшін денсаулық ережелері мен қағидаларын бала бойына сіңіру; әркімнің өз денсаулығына өзі жауапкершілікпе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | көрсетуге талпынуға тәрбиелеу. Барысы: Ойынның барлық қатысушылары өз бетінше рөлдерге бөлініп, әрқайсысының міндеттерін талқылайды: дәрігер (науқасты қарайды, шағымын тыңдайды, емдеуді тағайындайды), медбике (алғашқы көмек көрсетеді, емдеу шараларын жүргізеді), науқастар (аурудың белгілерін бейнелейді). Арнайы киімдерді қолдануды | н қарауы туралы ұғым беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ұмытпау керек. Балалар ойын барысында, өздерінің дәрігерге қаралған сәтін көрсете алады. Тәрбиешіге назарын балалардың науқастардың жағдайына жанашырлық танытып, қамқорлық көрсетуіне аударуы керек. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ескен Елубай. Жаңа санамақ<br>Бір -<br>Таңертен тұр.<br>Екі -<br>Шынығып, бекі.<br>Үш -<br>Тазала тіс.<br>Төрт -<br>Сабындап жу бет. | "Менің ой-қиялым" шабыттану сәті. Мақсат-міндеттер: балалардың ой-қиялын дамыту; босаңсыту жағдайын жасау.<br>- Балалар, қазір, | «Өс, ұлан!»<br>Сау болсын десең,<br>Он екі мүшең!<br>Ерте тұр! Құлақ түр! Тыңда сыр,<br>Жапырақтар сыбырлар.<br>Күн нұрын күт!<br>Таза ауа жұт! | Мазақтамалар жаттау.<br>Мақсат-міндеттер.<br>МАУБАС<br>Маубас, маубас, маубассың!<br>Мүлгігеннен танбассың,<br>Қалғығанға | "Дене мүшелері" жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бес -<br>Сүртін тез.<br>Алты -<br>Үйді жина<br>жалпы.<br>Жеті -<br>Киін енді.<br>Сегіз -<br>Асыңды жеп, іш.<br>Тоғыз -<br>Ыдысты жу тегіс.<br>Он -<br>Сабақ оқы<br>Осыдан соң.<br>Бұл санамақ<br>жаңа,<br>Күнде өстіп сана.<br>(сөйлеуді<br>дамыту,<br>математика<br>негіздері) | сурет салу<br>алдында,<br>әрқайсымыз біраз<br>ойнанып, әуенді<br>тыңдап, шабыт<br>алайық.<br>Құралдары: әдемі<br>әуен жазбасы.<br>Жаттығу<br>аяқталғаннан<br>кейін педагог<br>балаларды<br>аралап, нені<br>салуды<br>ойлағандарын<br>сұрайды.<br>(сөйлеуді<br>дамыту, сурет<br>салу) | Бойыңа құт!<br>Жүгір, желмен<br>жарысып,<br>Нұрға сылан,<br>Болып қыран<br>Өс ұлан!<br>Ө. Тұрманжанов<br>(көркем әдебиет) | қанбассың…<br>Өміріңде осылай<br>Ұйықтап өтсең<br>оңбассың!<br><br>САЛАҚ<br>Салақ, салақ,<br>салақсың:<br>Өз үйіңе<br>қонақсың;<br>Таза емесссің,<br>кір- кірсің;<br>Ақ емесссің,<br>жолақсың;<br>Кейде қара<br>күйесің;<br>Кейде қызыл<br>далапсың;<br>Әй, салақсың,<br>салақсың!<br><br>ҚОМАҒАЙ<br>Әй, қомағай,<br>қомағай!<br>Екі ұртың тола<br>май,<br>Екі уысың және | қимылдарды<br>орындауға<br>машықтандыру.<br>Мынау - менің<br>жүрегім, (Екі<br>қолды кеудеге<br>қою)<br>Бәрі осыдан<br>басталған.<br>Мынау – басым<br>ақылды, (Екі<br>алақанды басқа<br>қою, сипау)<br>Бәрін осы<br>басқарған. (Сұқ<br>саусақ жоғары)<br>Мынау – оң<br>қолым, (Екі<br>қолды кезек-<br>кезек екі жаққа<br>сермеу<br>Мынау – сол<br>қолым.<br>Барлық істі<br>басқарған.<br>(Шапалақтап)<br>(сөйлеуді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | май,<br>Соғып жатсың қарамай,<br>Болмайсың ғой Толағай!<br>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) | дамыту, дене тәрбиесі) |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>(дербес әрекет) | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),** | Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша жануарларға қоралады | Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп«артығын тап» айдарында | Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен домалақ пішінді табу, атау,тақтайшаға жапсыру.<br>**Жапсыру** | Қандай суретті бояймыздеп балаларға қалауы бойынша таңдаған жемісті бояту, ермак саздан жасату немесе тақтаға | Құрылыс заттарынан достарына үйшік құрастыру<br>**Құрастыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | жасауды үйрету **Құрастыру** | тапсырмаларды орындату **математика негіздері** | | жапсыру және сипаттауын қалыптастыру. **Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Бала мінезін тәрбиелеу мәселелері» ата-аналарға кеңес. | «Отбасылық үлгі өнеге» ата-аналармен әңгімелесу. | «Бала құқығын қорғау парызымыз» ата-аналарға кеңес. | «Баланы ойлауға қалай үйретуге болады?» ата-анларға кеңес. | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. |

**Тексерілген күні:** «   » ________ 2025ж

**Әдіскер:** ____________________ Хуат. С

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Дәйексөздер: «Жаңашылдық – заман талабы»**
**Мектепке дейінгі ұйымы:** «Балдаурен» жекеменшік бөбекжайы
**Топ:** «Қарлығаш»
**Балалардың жасы:** 4 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 24.02.-28.02.2025 жыл

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 24.02.2025** | **Сейсенбі 25.02.2025** | **Сәрсенбі 26.02.2025** | **Бейсенбі 27.02.2025** | **Жұма 28.02.2025** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **«Күй күмбірі»** Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу. «Ажарлы қыс» ертегі Мақсаты: Тақырыпты суретпен жұмыс жасай отырып түсіндіру. Суреттер бойынша әңгімелеу. (ойын, танымдық, коммуникативтік қызмет) | **«Күй күмбірі»** Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу. Танымдық ойын: «Мынау қай пішін?» Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. (коммуникативтік, танымдық дағдыларын дамыту) | **«Күй күмбірі»** Балаларды жақсы көңіл -күймен қарсы алу. Дидактикалық ойын: «Көңілді таяқшалар» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ | **«Күй күмбірі»** Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп беру. Дидактикалық ойын «Суретті толықтыр» Мақсаты: Балаларға берілген суреттерді толықтырып орналастыра білуге үйрету. | **«Күй күмбірі»** Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу. Ойын:Қыстың қызықтары Мақсаты:Балаларды өздерінің көңіл күйін ыммен, қимылмен көрсетуге үйрету, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту (ойын, танымдық, коммуникативтік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бұлшық етін дамыту. (коммуникативтік, дағдыларын дамыту) | (коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық , зерттеу, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту) | қызмет) |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту. | Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық,** | **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар | **Құру және жаңашылдық**  | **Әлеуметтік дағдылар, экологиялық тәрбие** **1. Қар мен мұзды тазарту**: Балаларға көше мен аула тазалығын сақтау үшін қар мен мұзды дұрыс | **Дидактикалық ойын** Дәретхана мен жатын бөлмедегі мінез-құлық ережелері **қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған** | **Тыйым сөздер** Орындықта аяғыңды айқастырып отырма. Бала бетіне үрлеме. Тырнағыңды тістеме Дидактикалық ойын: «Кімді қалай еркелетеді» Балалалармен анықтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **еңбек, қимыл, бейенлеу, дербес және басқалары)** | әзірлеу Дидактиакалық ойын: «Көңілді аңдар» Мақсаты: Әуенді тыңдай отырып аңдардың қимылын жазау. (коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық , зерттеу, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту) | *Жаңашылдық – заман талабы* **Бір тұтас тәрбие** Дидактиакалық ойын:«Көп және бір» Мақсаты: Көп және біреу қатынастарын білуге үйрету. Заттардың тең- тең емес топтарын салыстыру. (коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық , зерттеу, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту) | тазарту, экологиялық тұрғыдан зиянсыз жолдармен бұл жұмыстарды жүргізу. **2.Қалдықтарды басқару**: Қыстағы көп қалдықтарды дұрыс сұрыптап, қайта өңдеуге беру, балабақша маңындағы аймақты таза ұстау туралы тәрбиелік жұмыстар жүргізу. **3.Қысқы табиғатта экскурсиялар**: Қысқы табиғатқа шыққан кезде табиғаттың әсемдігін көрсету, мұз астындағы тіршілік, қыста өмір сүретін | **балалар әрекеті түрі** Дидактиакалық ойын: «Ғажайып қоржын» Мақсаты: Балаларды заттарды тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. (коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық , зерттеу, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту) | (физикалық, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық , зерттеу, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жануарлар жайлы мағлұмат беру. | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **« Менің Қазақстаным»**<br>Әнұран<br>**№ 1 Таңғы жаттығу кешені** | **№ 1 Таңғы жаттығу кешені** | **Қара жорға** | **№ 1 Таңғы жаттығу кешені** | **№ 1 Таңғы жаттығу кешені** |
| **Таңғы ас** | Мәдениетті тамақтануға, ас ішкенде сөйлемей, ұқыпты тамақтануға баулу. | Балаларға аспазшының жұмысымен, ас құрамымен таныстыру. | Өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту | Қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қоюға дағдыландыру. | Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсетуге үйрету. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу. | Қажетті құрал-жабдықтарды үстел үстіне даярлап қою. | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетіне даярлау. | Балаларды өз орындарына отырғызып ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындау. | Қажетті құрал-жабдықтарды үстел үстіне даярлап қою. |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене тәрбиесі Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарда жетекші | **Қазақ тілі**<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Өзі мен құрдастарының | **Дене тәрбиесі Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Дене белсенділігі | **Музыка**<br>**Билер:**<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін | **Дене тәрбиесі**<br>**Дербес қимыл белсенділігі**:<br>Балаларды педагогпен бірге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. | жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажыратабілуге және дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру.Дидактикалық ойын: «Біздің көңіл күйіміз» Мақсаты:суреттегі бет-әлпет бойынша ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету. **(Коммуникативтік дағдыларын дамыту)**<br><br>**Музыка**<br>**Билер:**<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойыменән айтып жүруін дамыту Дидактикалық ойын: | (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Қимылды ойын «Көзде» Тепе-теңдікті сақтау. Заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру. **(Физикалық қасиеттерін дамыту)** | орындау, шеңбер бойыменән айтып жүруін дамыту Дидактикалық ойын: «Төмен және жоғары дыбыстар" Мақсаты:Балаларды дыбыстың ұзақтығын ажыратуға баулу. Әуенді тыңдап, қысқа және ұзақ дыбыстарды анықтауға баулу. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту.Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. **Ұлттық ойын «Арқан тартыс» Мақсаты:** Шымырлыққа ептілікке баулу. **(Физикалық қасиеттерін дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | «Ән шырқайық» Мақсаты:Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. |
| **Серуен** | **1.Алаңдағы ағаштарды бақылау** **Мақсаты:** балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын | **1.Қардағы құс іздерін бақылау.** **Мақсаты:** қардағы құс іздерін тани білуге үйрету. -Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? | **1.Бақылау** Ауа райындағы өзгерістерді бақылау. Мақсаты. Ауа – райының өзгерістерін айта алуға үйрету. | **1.Бақылау:** Ауа райындағы өзгерістерді бақылау. **2.Еңбек:** Ауласыпырушының еңбегін бақылау, оларға көмектесу. | **1.Мұз сүңгісін бақылау.** **Мақсаты:** балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | анықтап, білімін толықтыру.<br>**2.Жеке жұмыс**<br>«Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына әңгіме айту.<br>Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету.<br>Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.<br>**3.Қимылды ойын:**<br>«Ордағы қасқыр»<br>**4.Еңбек:**<br>ағаштардың түбін қармен жабу.<br>**5.Еркін ойын** | (құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)<br>**2.Жеке жұмыс**<br>Аландағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу.<br>**3.Еңбек:** Қардан қала тұрғызуға қар жинау.<br>**4.Қимылды ойын:**<br>«Ізбе із».<br>**5.Еркін ойын** | **2.Қимылды ойын**<br>«Қасқыр мен лақтар»<br>**3.Еңбек**<br>Өз –өзімізге қызмет ету.<br>**4.Жеке жұмыс**<br>«Ауа райын сипатта!»<br>**5.Еркін ойын** | **3.Жеке жұмыс:**<br>(жұмбақ жасыру)<br>Жұрттың бәрі оны сүйеді,<br>Бірақ оған қарағысы келмейді.<br>**4.Қимылды ойын:** «Алдар көсе»<br>Мақсаты: Ойын арқылы ұлттық сана – сезімін қалыптастыру.<br>**5.Еркін ойын** | баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету.<br>Сұрақтар:<br>Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады?<br>Ол қандай? Сәбіз сияқты<br>Сүмелек мұз қай жерде, қалай пайда болады?<br>Күнгей жақта ма, әлде терістік жақта ма?<br>Олар қайдан пайда болады?<br>Осыдан қандай қортынды жасауға болады?<br>**2.Жеке жұмыс**<br>**Көркем сөз:**<br>Көл бетінде жатыр айдын – мұз ойнақ,<br>Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Шаңғы теуіп жарысамыз желменен,<br>Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұза фар Әлімбаев<br>**3.Еңбек**<br>Шыршаларды кардан тазарту<br>**4.Қимылды ойын:**<br>«Үйсіз қалған қоян»<br>**5.Еркін ойын** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. «Ұқыпты бала» әңгімесі | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. | Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Қолдарын жууға үйрету. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. |
| **Түскі ас** | Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. | Балалардың назарын тағамға аудару. | Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. | Балалардың назарын тағамға аудару. | Астарың дәмді болсын!<br>Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күндізгі ұйқы** | **«Күй күмбірі»**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау<br>«Ана мен бала» музыкасын тыңдату | **«Күй күмбірі»**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау<br>«Үйшік» ертегі | **«Күй күмбірі»**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау<br>«Құлыншағым» музыка | **«Күй күмбірі»**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау<br>«Үйшік» ертегі | **«Күй күмбірі»**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау<br>«Ана мен бала» музыкасын тыңдату |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау | Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау | Түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру | Тұзды шүберекті аяқ табандармен басып жүр. | Тыныс алу жаттығулары<br>Ұзын құлақ сұр қоян<br>Ести қалып сыбырды<br>Өсіп тұрған сәбізді<br>Алайын деп жұлқыды<br>**«Сәбізді иіскеу»**<br>Жуыну жолдары<br>Суым, суым, суым-ай<br>Бетімді менің жудың-ай<br>Алмадай бетім қызарды<br>Таза болдым шіркін-ай. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** | Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. | Балалардың назарын тағамға аудару. | Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. | Балалардың назарын тағамға аудару. | Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. |
| **Балалардың дербес әрекеті (қимылдық ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және тағы басқалары)** | Дидактикалық ойын: «Не қайда тұрады?» Мақсаты: Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту (физикалық, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық , зерттеу, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту) | Дидактикалық ойын: «Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру. (физикалық, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық , зерттеу, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту) | Дидактикалық ойын: Танып ал да, атын ата Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. (физикалық, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық , зерттеу, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту) | Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр» Мақсаты: Берілген суреттерге қарап заттардың атауын тез ат (физикалық, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық , зерттеу, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту) | Кітаппен жұмыс «Үш аю» ертегісі. Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұны туралы түсінік беру, ертегідегі кейіпкерлердің дауысын салуға үйрету (физикалық, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық , зерттеу, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Коммуникативтік дағды:<br>«Бір сөзбен айт» | Коммуникативтік дағдылары «Бұл қай кезде болады?» | Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы<br>«Жұбын тап» | Танымдық және зияткерлік дағдылары «Көп және біреу» | Шығармашылық дағды:<br>«Табиғат аясында» |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. | Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. | Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою. | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. |
| **Серуен** | **№1** | **№2** | **№3** | **№4** | **№5** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға киімге ұқыпты қарау | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта | Серуеннен келгеннен кейін | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | керектігі жайлы әңгіме жүргізу. «Ұқыпты бала» әңгімесі | екі-екіден жүруге дағдыландыру. | киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Қолдарын жууға үйрету. | жүруге дағдыландыру. | екі-екіден жүруге дағдыландыру. |
| **Балалардың дербес әрекеті (қимылдық ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және тағы басқалары)** | **Дидактика лық ойын:** «Мені қайтала» **Мақсаты:** Ересектер дің сөзін қайталай отырып, сөздік қорын молайту, тілін жаттықтыру. **(коммуникативтік қызмет)** | **Ұлттық ойын:** «Асық ату». **Мақсаты:** Қазақтың ұлттық ойындарын бала бойына сіңдіру. **(физикалық дамыту)** | **Үстел-үсті ойыны:** «Жоғалған зат» **Мақсаты:** Үстел үстіндегі бірнеше затты қойып,қай заттың жоғалғандығын таба білуге үйрету. **(коммуникатив тік танымдық қызмет)** | **Ұлттық ойын:** «Тақия тастамақ» Міндеті: Балалардың адамгершілік патриоттық сезімдерін оятя отырып тәптіпті бала болуға тәрбиелеу. | **Ұлттық ойын:** «Бес асық» Міндеті: Асық туралы жалпы түсінік беру, асықты қалай ату жолын көрсету. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата – аналарға кеңес: Баланы балабақшаға қалай киіндіру керек. | Медбике кеңесі: Балалардың иммунитетін Көтеретін дәрумендер мен жаттығулар туралы.(ата – аналарға) | Ата-анаға: «Балаңызды киіндірген кезде киімдердің түстерін айтып отырасыз ба? | Психолог кеңесі: Өзіне-өзі көмектес. | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. |

**Тексерілген күні:** «     »               2025ж

**Әдіскер:** ____________________ Хуат. С